«ШЫҒЫС ЖАСТАРЫ»
ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ

071400, ҚР, Абай облысы,
Семей қаласы,
Физкультурная, 9/2
тел.8 705 140 06 18

ОБЩЕСТВЕННЫЙ ФОНД
«ШЫҒЫС ЖАСТАРЫ»

071400, РК, область Абай,
город Семей,
ул. Физкультурная, 9/2
тел. 8 705 140 06 18

Абай облысының жастар
саясаты мәселелері жөніндегі
басқармасына
№16751705-ГСЗ1 конкурсы
бойынша

АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ ӨТІНІШ

Біз, «ERTIS REGION» қоғамдық қоры, №16751705-ГСЗ1 «Жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттауға және денсаулықты нығайтуға бағытталған іс-шаралар кешені» мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс конкурсының қорытындыларымен ішінара келіспейтінімізді білдіреміз.
Конкурс қорытындысына сәйкес біздің ұйымға «тәжірибенің болуы» критерийі бойынша 2 балл берілген. Алайда бұл бағалау нақты ұсынылған құжаттар мен ұйымның қызмет тәжірибесіне сәйкес келмейді деп есептейміз.

Конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес, әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі актілер, шарттар және шот-фактуралар арқылы расталуы тиіс. «ERTIS REGION» қоғамдық қоры тарапынан конкурсқа қатысу барысында жоғарыда көрсетілген барлық растайтын құжаттар толық көлемде ұсынылды, алайда олар бағалау кезінде ескерілмеген деп санаймыз.

«ERTIS REGION» қоғамдық қоры 2018 жылдан бастап мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында әлеуметтік жобаларды тұрақты түрде іске асырып келеді, атап айтқанда:

- 2018 жыл – жастар арасында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу және мемлекеттік саясатты түсіндіру;
- 2019 жыл – жастардың құқықтық және діни сауаттылығын арттыру (экстремизм, нашақорлық, суицидтің алдын алу);
- 2022 жыл – халықты ақпараттандыру және алдын алу жұмыстары;
- 2023 жыл – мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында NEET жастармен жұмыс және аға буынды әлеуметтік қолдау;
- 2024 жыл – Абай облысында Азаматтық ресурстық орталықты ұйымдастыру және әлеуметтік жобаларды іске асыру;
- 2025 жыл – ҮЕҰ-ды қолдау және конфессияаралық келісімді нығайтуға бағытталған іс-шаралар кешені.

Жоғарыда көрсетілген жобалар мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде іске асырылған және конкурс пәніне толық сәйкес келеді.
Осылайша, ұйымның:

- тәжірибесі 2018 жылдан бастап (7 жылдан астам);
- ұқсас қызметтер көрсету нарығындағы тәжірибесі бар;

- барлық растайтын құжаттары ұсынылған.

Осыған байланысты «тәжірибенің болуы» критерийі бойынша 2 балл беру негізсіз деп есептейміз және қайта қарауды талап етеміз.

Сонымен қатар, конкурстық құжаттамаға сәйкес «жоба жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылған жағдайда – тиісті аймақтағы тәжірибе» критерийі бойынша біздің ұйымға 4 балл берілген.

Алайда «ERTIS REGION» қоғамдық қоры Абай облысы аумағында 2023 жылдан бастап мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында тұрақты түрде жобаларды іске асырып келеді (Азаматтық ресурстық орталық, жастармен жұмыс, әлеуметтік жобалар және т.б.), бұл көрсеткіш екі жылдан астам мерзімді қамтиды және нақты жобалармен дәлелденеді.

Осыған байланысты аталған критерий бойынша да берілген баллдарды қайта қарау қажеттігін білдіреміз.

Жоғарыда баяндалғандарды негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес:

СІЗДЕРДЕН СҰРАЙМЫЗ:

1. «ERTIS REGION» қоғамдық қорының өтінімін қайта қарау;
2. «тәжірибенің болуы» критерийі бойынша баллдарды қайта есептеу;
3. «тиісті аймақтағы тәжірибе» критерийі бойынша баллдарды қайта қарау;
4. конкурс қорытындыларын объективті бағалау негізінде қайта қарау.

Қосымша: растайтын құжаттар (шарттар, актілер, шот-фактуралар).

Құрметпен,

«ERTIS REGION» қоғамдық қоры

Директор **А. Абдураимов**